

«Бала үні – Әлем үні»

(әнші-сазгер Айзада Бекенқызымен кездесу кеш)

Кітапханада казак өнерінің дамуына өзіндік үлес қосып жүрген талантты әнші-сазгер Айзада Бекенқызымен кездесу болып өтті. Шараның басты мақсаты – оқырмандарды өнер иесінің шығармашылығымен таныстыру, ұлттық музыкаға деген қызығушылықты арттыру және жас ұрпаққа рухани-эстетикалық тәрбие беру.

Кездесу барысында Айзада Бекенқызы өзінің өнер жолы, шығармашылық ізденістері мен әндерінің шығу тарихы туралы сыр шертті. Сонымен қатар кеш қонақтары әншінің орындауындағы әсем әндерді тындап, сұрақтарын қойып, еркін пікір алмасу мүмкіндігіне ие болды.

Бұл рухани кеш – өнерді сүйетін қауым үшін ерекше әсер сыйлап, ұлттық мәдениетімізді дәріптеуге бағытталған тағылымды басқосу болды.

Кеш қонақтары айтыскер ақын Борібай Оразымбетов, Казак жазушылар одағының мүшесі, ақын Омархан Даутов, Сазгер әнші Есенкелдиева Роза, әнші Абылайхан Оспанов келді.

Автордың әндерін Шеғебай Бакнұр «Ақ маман», Тәліпбай Айдай «Апатайым», Бекет Әмина «Ата Әже», Әрсен Дархан «Отан» көптеген шәкірттері орындады.

«Гибрат» мәдени-демалыс клуб мүшелері және келген қонақтар әуезді әндерді тындап, ерекше әсерге боланды.

